



Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU) Дискриминация мен қудалауға қарсы саясат

Алматы Менеджмент Университеті (әрі қарай - AlmaU) стратегиялық құндылықтарды ұстанады, оларда әртүрлілік пен инклюзияның маңыздылығы ерекше атап өтілген. Біз әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті бағалаймыз және әрбір қызметкер мен оқушының өз үлесін қосып, жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін өзара құрмет атмосферасын қалыптастыруға ұмтыламыз.

Бұл Қудалауға және дискриминацияға қарсы саясат (әрі қарай - Саясат) AlmaU университетінің қудалаудың және әділетсіз қатынастың барлық түрлерінен еркін, қауіпсіз және қолдаушы орта жасауға деген ұмтылысын білдіреді. Саясат университеттің барлық қызметкерлеріне, студенттеріне, серіктестеріне және келушілеріне қатысты қолданылады.

Құндылықтар мен принциптер

AlmaU - бұл әртүрлілік пен әркімді құрметтеу басты принциптер болып табылатын инклюзивті және достық қарым-қатынастағы қауымдастық. Біз әркімнің қорғалғанын, дамуға, үлес қосуға және жетістікке жетуге мүмкіндігі бар атмосфераны қалыптастыруға ұмтыламыз.

Біз барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеміз және шешімдер тек қызметкердің немесе студенттің жетістіктері негізінде, кемсітусіз қабылданады. Біз барлық студенттерге, қызметкерлерге, келушілерге, сондай-ақ абитуриенттер мен әлеуетті қызметкерлерге әділ және құрметпен қарауға міндеттіміз. AlmaU университетінің қудалауға және дискриминацияға қарсы саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабы 1-тармағына негізделген, онда әр адамның дискриминациядан қорғалуы құқығы айқындалған. Қазақстан Республикасының Конституциясы: «Ешкім өзінің шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни қатыстылығына, сенімдеріне, тұратын жеріне немесе басқа да жағдайларына байланысты қандай да бір дискриминацияға ұшырамауға тиіс» деп жариялайды. AlmaU осы конституциялық принциптерге сәйкес келеді, әрбір мүшесінің құқықтарын құрметтейді және олардың оқу процесінде және жұмыс ортасында іске асуын қамтамасыз етеді. Құрмет және сенім - біздің корпоративтік мәдениетімізді нығайтатын және командамыздың үйлесімді дамуына ықпал ететін негізгі принциптер.

Саясаттың мақсаттары

Бұл Саясаттың мақсаты - қудалаудан және дискриминациядан еркін, қауіпсіз, тең құқықты және қолдаушы орта жасау.

Қудалау мен дискриминацияның анықтамасы

Қудалау - бұл жынысқа, нәсілге, этникалық тегіне, жасқа, жыныстық бағдарға, мүгедектігіне, дініне және басқа да жеке сипаттамаларға негізделген кез-келген

қалаусыз әрекет немесе мінез-құлық, ол басқаларды қысымға, дұшпандық немесе қорлаушы атмосфераға душар етеді. Дискриминация - бұл жоғарыда аталған сипаттамаларға негізделген адамның құқықтары немесе артықшылықтарына негізсіз шектеулер қоюды білдіреді.

Қолдану саласы

Саясат барлық қызметкерлерге, студенттерге, серіктестерге және AlmaU келушілеріне қатысты қолданылады. Ол университет аумағында оқу және жұмыс істеудің барлық аспектілерін қамтиды, сонымен қатар шаралар, семинарлар және қосымша оқытушылық қызметтерді де қамтиды.

Барлық қатысушылардың міндеттері

Әрбір қызметкер мен студент қауіпсіз және құрметті атмосфераны сақтау үшін жауапты болып табылады және қудалау мен дискриминация жағдайларының алдын алуға міндетті, инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысады. Университет басшылығы Саясатты қолдауға міндеттеме алады, қауіпсіз ортаны қалыптастыруға ықпал етеді және бұзушылықтар мен шағымдарға жедел жауап береді.

Оқиғаны қарастыру

Келеңсіз жағдай туындаған жағдайда, AlmaU қызметкеріне немесе HR департаментінің директоры мен қызметкеріне, Корпоративтік этика комитетіне, омбудсменге жүгіну ұсынылады. Олар жағдайды шешуге және орынсыз мінез-құлық туралы шағым немесе хабарлама жасауға көмектеседі.

Бұзушылық үшін жауапкершілік

Қудалауға, дискриминацияға немесе басқа да орынсыз мінез-құлықтарға кінәлі тұлғалар тәртіптік шаралармен, соның ішінде жұмыстан босатылумен немесе оқудан шығумен жазалануі мүмкін, инциденттің сипаты мен салдарына қарай. Егер бұзушылық қылмыстық заңнамаға сәйкес келсе, кінәлілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Қорытынды

AlmaU инклюзивті және қауіпсіз орта құруға ұмтылады, онда әрбір адам қорғалған және құрметтелген сезінеді. Біз барлық қауымдастық мүшелерін жалпы табыс пен үйлесімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін құрмет көрсету мен әділ қарауды қолдауға белсенді түрде қатысуға шақырамыз.